

Ақсу қаласындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге (кәдеге жаратуды және қайта өңдеуді есепке алмай) арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2018 жылғы 27 ақпандағы № 177 /22 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 наурызда № 5907 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 29/4

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 28.04.2023 № 29/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1-бабының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" № 404 бұйрығына сәйкес, Ақсу қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсу қаласындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге (кәдеге жаратуды және қайта өңдеуді есепке алмай) арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақсу қалалық мәслихатының әлеуметтік саясат, заңдылық және құқықтық тәртіп мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихаттың хатшысы

Б. Түсіпбеков

М. Омарғалиев

Ақсу қалалық мәслихатының

2018 жылғы 27 ақпандағы

№ 177/22 шешіміне

қосымша

Ақсу қаласындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге (кәдеге жаратуды және қайта өңдеуді есепке алмай) арналған тарифтер

№ р/н	Атауы	Есептік бірлік	Бағасы теңгемен/айына
1	Тұрмысқа жайлы үйлердің тұрғындары үшін қосылған құн салығын есепке алмай тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тариф	1 тұрғын	261,16
2	Тұрмысқа жайсыз үйлердің тұрғындары үшін қосылған құн салығын есепке алмай тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тариф	1 тұрғын	267,86
3	Заңды тұлғалар үшін қоршаған ортаға эмиссия төлемақысын есепке алмай, қосылған құн салығын есепке алмай, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тариф	1 м3	1607,14
4	Заңды тұлғалар үшін қоршаған ортаға эмиссия төлемақысын есепке алмай, қосылған құн салығын есепке алмай тұрмыстық қатты қалдықтарды көмуге арналған тариф	1 м3	245,69